


**2021 жылдың шілде айындағы іскерлік белсенділік индексі туралы**  
**ҚРҰБ Ақша-кредит саясаты департаментінің директоры**  
**Жандос Шаймардановтың**  
**түсіндірмесі**

Алынған бағалау нәтижесі бойынша, іскерлік белсенділік индексі шілдеде төмендеп, 50,8 (маусымда – 51,6) болды.

Индекске қызмет көрсету секторындағы көрсеткіштің 51,1-ге дейін (маусымда – 52,7) төмендеуі әсер етті, бұл карантин шектеулеріне байланысты іскерлік белсенділіктің нашарлауына, жаңа тапсырыстар санының қысқаруына және жеткізу мерзімінің ұлғаюына байланысты орын алды. Соған қарамастан, құрылыстағы көрсеткіш 50,1-ге дейін (маусымда – 47,6) ұлғайды, ал өнеркәсіпте 50,5 (маусымда – 50,4) болып, іс жүзінде өзгерген жоқ.



Аймақтар арасында шілдеде 10 өңірде іскерлік белсенділік көрсеткіші жақсарып, 7 өңірде нашарлағаны байқалды. Іскерлік белсенділіктің жоғары деңгейі Түркістан (58,8) мен Ақмола (57,8) облыстарында, неғұрлым төмен деңгейі – Шығыс Қазақстан облысында (40,8) көрініс тапты.

Биылғы шілдеде респонденттер елде бизнес жүргізу жағдайларының нашарлағанын атап өтті. **Қазіргі бизнес-жағдайларын** бағалау жөніндегі жауаптар теңгерімі 0,5 (маусымда – 4,7) болды, бұл Қазақстандағы эпидемиологиялық ахуалдың нашарлауы салдарынан шектеу шараларын қалпына келтіруге байланысты орын алды. Кәсіпорындар өнімге/қызметке сұранысты, коммуникацияларға және қаржыға/кредиттерге қолжетімділікті оң бағалады. Бизнесі қорғау мәселелері мен салық жүктемесі теріс баға алды.

Кәсіпорындардың келесі 6 айдағы болашақ бизнес-жағдайларына қатысты оптимизмі өзгеріссіз қалды: **болашақ жағдайларды** бағалау **21,1** (маусымда – 21,2) болды. Нәтижесінде экономика бойынша **бизнес-ахуал индексі 10,5-ке** дейін (маусымда – 12,8) азайды.

2021 жылғы шілдеде сауалнамаға 461 кәсіпорын қатысты: құрылыста – 67, өнеркәсіпте – 175, қызметтерде – 219.

Толығырақ: <https://nationalbank.kz/kz/page/indeks-delovoy-aktivnosti-po-kazahstanu>

